

егемен
Қазақстан

Мәңгілік ел руханиятымен асқақтайды



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Мәңгілік Ел» атты жалпыұлттық бағдарламасының ішкі мазмұнын, сырын, рухын, басты шарттарын жіліктен-жіктен, пайым-парасатпен толғап, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – Мәңгілік Елдің Ұлы тарихы», «Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы – Мәңгілік Ел» және де осы бір алтын идеяның өзегінде «тарихтың, мәдениеттің, тілдің бірлігі» де жарқын көрініс табары сөзсіз деп қадап айтты, қасиетті ұғымның түп-төркінін көргендікпен, кемеңгерлікпен нақтылап берді.

«Мәңгілік Ел» ұғымының тарихы Түркі қағанаты заманынан (552-745 жылдар) бастау алады. Яғни, ұлы жырау Йоллығ – тегін туындатқан Күлтегін жазуында «Мәңгі елдігіңді сақтайсың, онда түркі халқы тоқ», «Ел ұстап, төрелік еткен», «Ел болсын», «Ел басшысы» дейтін нұсқа сөздер қашалып жазылған. Ғасырлар тұңғыығында адамзат өркениеті тарихындағы ұлы құбылыс ретінде есептелетін түркі жазба ескерткіштерінде Түркі қағанатының байтақ территориясы, мемлекеттік идеологиясы, тілі, әскері, құқықтық жүйесі, тарихы, дәстүрі болғаны келісті баяндалған.

«Мәңгілік Ел» мұраты – зайырлы қоғам құру. Елбасы «ұлттың танымын да, тарихын да толғайтын сөз «Мәңгілік Ел болуы керек» деп жазды өзінің «Ұлы Дала ұлағаттары»дейтін салиқалы еңбегінде. Осы орайда Ұлы Дала елі – Мәңгілік Ел – Тәуелсіз Қазақстан дейтін ұғымдардың бір-бірімен терең тамырластығын қапысыз танытқан. Сондықтан да «Мәңгілік Ел» атты ғылыми-зерттеу институтын ашу көкейкесті мәселе болса керек-ті. Бұл институт мынандай мәселелерді, атап айтқанда, қазақ халқының руханияты, тілі, тарихы, дәстүрі, этнографиясы, археологиясы, географиясы, экологиясы, өнері, мәдениеті, құқықтық-конституциялық жүйесі, сот билігі, билер институты, абыздар институты, батырлар институты, шежіретану, дала демократиясы мен философиясын қамтып, Елбасы айтқандай, «Ұлы Далада тұрған мәңгілік ескерткіштеріміз» – «тарихи-рухани оқулықтарымыз» жан-жақты, толық зерделенуге тиіс.

Мәселен, мемлекет басқару, ел билеу өнеріне қатысты Шыңғыс ханның «Ұлы Жасағы», Құбылай хан заманының «Ақ тарихы», 1640 жылғы «Моңғол-ойрат заңы», (атап айтқанда, ел билеушінің а) үш ұлы қызметі, ә) төрт ұлы билігі, б) тоғыз ұлы рәміздері, в) алты ұлы өсиеті, г) жеті ұлы ілімі, әз Тәуке хан ұйымдастырған «Жеті Жарғы» құқықтық-конституциялық құжаттарындағы өміршең қағидалар, ұстанымдар қолданысқа енгізілуге тиіс.

Ұлт руханиятының беломыртқасы ұлт тілі – терең тамырлы, сан сипатты тарихи-мәдени құбылыс. Абай «Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз» дегенде осы бір күрделі жайтты меңзеген. Асылы, қазақ тілінің сөздік қорында мыңжылдықтардың сыры мен құпиясын сақтаған сөз-ұғымдар, сөз-образдар, сөз-символдар бар. Мәңгілік Елдің мың қырлы Мәңгілік – қазақ тілінің тарихын

куәландыратын, атап айтқанда, Атилла, Естеми, Күлтегін, Шыңғыс хан, Әмір Темір заманын толғаған тарихи әдебиеттерде «Қаған», «Баһадүр», «Хан», «Түмен», «Ноян», «Жасак», «Торсық», «Мерген», «Көбеген» (Ұлы ханның ұлдары), «Тархан», «Мәңгі», «Жарлық», «Құрт», «Арба» «Мұхит», «Теңіз» дейтін сөздер бар. Алаш көсемдері шоғырланған Абай атындағы ҚазПИ-де 1930-жылдарда «Халық тілі», «Жазбалар мен ескерткіштер», «Мұрағаттау мен деректану» дейтін пәндер оқытылған. Бұл өнегелік бастаманың басты себебі – ұлт руханияты, тілі, мәдениеті, тарихы ежелгі замандардан басталатындығын терең танығандықтан. Этнограф Жағда Бабалықұлының (1917-2010) «Тіл қорын жинайық» деген байыптамасында былай деген: «Қытай біздің жыл санауымыздан 2 ғасыр бұрын жинай бастаған. Содан бері Қытай халқының бір ұлылығы бар – әрбір патшасы, мейлі наданы, мейлі ғалымы бар, өз дәуірінде бір-бір тіл қорын жинатып, сөздік жасатып кетеді. Мао Цзэдун уақытында 1956 жыл мен 1964 жылдың арасында он жыл 264 мың адамға ақша беріп, айлық беріп жинатыпты». Мінеки, патриотизм деген осы. Грек тілінде 5 млн, ағылшын тілінде 490 мың сөз бар. Ал біздегі жүз томдық «Бабалар сөзі» ғылыми айналымға түсіп, тарихи, мәдени, этнографиялық, әдеби, тілдік, әлеуметтік, философиялық тұрғыдан таразыланған жоқ. Бұл да «Мәңгілік Ел» институтының келелі бір ісі болмақ.

Негізінде, ұлы мақсатты діттейтін «Мәңгілік Ел» атты ғылыми-зерттеу институты Қазақстан Республикасы Президенті немесе Үкіметі қасында ұйымдастырылуға тиіс.

Задында, Мәңгілік Елдің мұраты – ұлттық тарих пен руханиятты, халықтың даналық, ізгілік қағидаттарын, дәстүр қуатын ұлттың интеллектуалдық әлеуетін көркейтуге қызмет еткізу!

Серік НЕГИМОВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері